

## Қарақия ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсанда № 6/63 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 11 қаңтарда № 3246 болып тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 28 қазандағы 2022 жылғы № 20/196 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 28.11.2022 № 20/196 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 болып тіркелген) сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарақия ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қарақия аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Р.Ибраева) осы шешім Маңғыстау облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін, оның "Әділет" ақпараттық - құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

A.Бекова

Аудандық мәслихаттың

A.Мееров

хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық тұрғын үй  
коммуналдық шаруашылығы,  
жолаушы көлігі және автомобиль

жолдары бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы  
Байбузов Болат Шандыұлы  
9 желтоқсан 2016 жыл

Қарақия аудандық мәслихатының  
2016 жылғы 9 желтоқсандағы  
№ 6/63 шешіміне косымша

**Қарақия ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 06.06.2019 № 31/315(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

№	Нысан атауы	Есептеу бірлігі	ҚТҚ жинақталу орташа жылдық нормасы, м <sup>3</sup>
1	2	3	4
1.	Жайлыш үйлер	1 түрғын	1,79
	Жайлыш емес үйлер		
2.	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,145
3.	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	-
4.	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,235
5.	Мекемелер, ұйымдар, оффистер, кенселер, жинак банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,67
6.	Емханалар	1 келіп кету	0,14
7.	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,145
8.	Мектептер және өзге де оку орындары,	1 окушы	0,155
9.	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,4
10.	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,175

11.	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
12.	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,06
13.	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,06
14.	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,54
15.	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м <sup>2</sup>	-
16.	Алынып тасталды - Манғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 06.06.2019 № 31/315(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.		
17.	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршіктер, сөрелер	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,25
18.	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
19.	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
20.	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
21.	Вокзалдар, автовокзалдар, аэуежайлар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
22.	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
23.	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,275
24.	Автотұрақтар, автомобилді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,565
25.	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	-
26.	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27.	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,84
28.	Kip жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательеі	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,22
29.	Зергерлік, аяқ-киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,16
30.	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету	1 жұмыс орны	-

	орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)		
31	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,26
32	Ауданың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
33	Бау-бакша кооперативтері	1 участке	-

Ескертпе:

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбegen, себебi ҚТҚ тасымалдауды келісім шарт негінде арнайы ұйымдар арқылы көліктермен сауда базар аумағында өздері жүзеге асырады.

ҚТҚ түзілу нормасы белгіленбegen, себебi ҚТҚ тасымалдауды жүзеге асыратын ұйымдардың мәліметі бойынша аталған нысандар Қарақия ауданының Құрық және Жетібай ауылдарының аумағында орналасқан.

Аббревиатураның ажыратып жазылуы:

ҚТҚ – қатты тұрмыстық қалдық;

АЖС – автокөліктерге жанармай қую станциясы;

м<sup>2</sup> - шаршы метр;

м<sup>3</sup> - текше метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК